

## "Қазақстан-Аэропейс - 98" халықаралық авиациялық-ғарыштық көрмесі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 желтоқсандағы N 1838 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 ақпандағы № 141 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.02.16 № 141 Қаулысымен.**

Дүниежүзінің авиациялық-ғарыштық компанияларымен сауда-экономикалық байланыстар мен ынтымақтастықты одан әрі дамыту және нығайту, авиациялық-ғарыштық ғылымның, техникалардың және технологиялардың жетістіктерін тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы Ұлттық аэроғарыш агенттігінің 1998 жылдың 10-13 қазанында Алматы қаласында "Қазақстан-Аэропейс-98" халықаралық авиациялық-ғарыштық көрмесін өткізу туралы ұсынысы мақұлдандын.

2. Көрмені дайындауға және өткізуге арналған шығыстар оған қатысушылардың, демеушілердің және жарнама берушілердің қаражатының есебінен жүргізілетін болатындығына келісім берілсін.

3. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Ұлттық аэроғарыш агенттігі көрмені ұйымдастыру және өткізу жөнінде барлық қажетті шараларды қабылдасын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі